

ӘЛ-ФАРАБИ – ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА

БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕМДІК ТАЛАПТАРЫНА САЙ

2014-2015 оқу жылында ҚазҰУ-дағы шетелдік оқытушылар саны 300-ге, ал шетелдік студенттер саны 1500-ге жетуі тиіс. Кезекті ректорат отырысында Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев шетелдік студенттер мен оқытушыларды жұмылдыру жөніндегі жол картасы туралы хабарламасында алға осындай міндеттер қойылатынын жеткізді. Бұл өткен отырыста ректор Ғалым Мұтанұлы сөз еткен жол картасы бағдарламасының бір бөлімі болып табылады.

THE WUR (2014) талаптарына сәйкес, әлемдік деңгейдегі университет формуласын ұсынған Мұхамбетқали Мырзабайұлы бүгінде 200-топ үздікке енген университеттерде ғылыми мақала көрсеткіші 43% екендігін тілге тиек етті. Дәл осы екіжүздіктегі университеттердің оқытушы-профессорлар құрамының 20%-ы шетелдіктерден тұрса, ондағы шетелдік тәлімгерлер саны жалпы студенттер құрамының 19%-ын құрайды.

Ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы ҚазҰУ ұжымы да әлемдік рейтингіде жоғарыдан көрінуді мақсат етеді. Сондықтан, Бірінші проректор оқытушы-профессорлар құрамын үздіктер санатына енген университеттер үлгісімен таныстыра отырып, бұл бағыттағы ҚазҰУ көрсеткіштеріне де шолу жасап өтті.

Жалғасы 2-бетте

АДАМЗАТ БОЛАШАҒЫН ҚАЗҰУ-ДА ТАЛҚЫЛАЙДЫ



2014 жылы 5-7 қарашада Алматы қаласы «Адамның тұрақты дамуының жаңа парадигмасы. G-Global – ғаламдық сұхбат форматы» халықаралық конференциясының қатысушыларын қарсы алады. Көптеген жылдар бойы мұндай конференция Еуропа мен Америка елдерінде өткізіліп келді. Осы жылы ұйымдастырушы комитеттің шешімімен әлемдік деңгейдегі іс-шара Қазақстанда және оның ішінде Қазақстанның ең ірі университеті, БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» ғаламдық хабын басқарушы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өтеді.

ҚазҰУ-мен бірге конференцияны ұйымдастырушылар – Бүкіләлемдік Өнер және Ғылым академиясы, Бүкіләлемдік Университеттер Консорциумы, Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы, Римдік және Малридік клубтар, Халықаралық Жасыл Крест, сонымен қатар ірі халықаралық қоғамдық бірлестіктер, ЖОО және қорлар. Конференцияға ILO, ЮНЕСКО, ПРООН, OECD, Халықаралық Еуропалық Қозғалыс, Болашақ Дамудың Әлемдік Қоры және басқа әлемдік ұйымдар қатысады.

Жалғасы 2-бетте



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясымен бірлесе отырып Әл-Фараби мұрасы бойынша дайындалған кітаптардың тұсаукесер рәсімі өтті.

Шараға университет ректоры Ғалым Мұтанов, Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов, Халықаралық Абай клубының президенті, жазушы Роллан Сейсенбаев, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев, Техас технологиялық университеті философия департаментінің директоры, профессор Марк Вебб, сондай-ақ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттер қауымы қатысты.

«Осыдан 23 жыл бұрын, 1991 жылы 23 қазанда ҚазҰУ-ға Шығыстың атақты ойшылы, ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фараби есімі берілген болатын. Әл-Фараби есімін аркалаған университеттің ұлы ойшыл идеяларын дәріптеу мен насихаттауды өзіне борыш санауы заңдылық», – деді ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов. Сондай-ақ ол белгілі ғалым мұрасын зерттеп-зерделеу ісінің, әсіресе, ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы кезінде қызу қарқын алғанын атап өтті.

2013 жылы 23 желтоқсанда университетте Әл-Фараби бабамыздың «Ізгілік қаласы туралы іліміне» негізделген «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы бастау алды. Тұсаукесер рәсімінде көпшілікке таныстырылған қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Әл-Фараби және қазіргі заман» атты оқу құралы аталмыш жобаны жүзеге асыру мақсатындағы маңызды шаралардың бірі болып табылады. ҚазҰУ

ректоры, академик Ғалым Мұтанұлының жетекшілігімен шыққан оқу құралы ғалым мұрасын қалың көпшілікке жеткізуге бағытталған. Оқу құралында орта ғасырдың ұлы ғалымы және философы Әбу Насыр әл-Фарабидің негізгі ғылыми және философиялық көзқарастары қазіргі заманмен байланысты қарастырылған. Әл-Фараби Аристотельдің энциклопедиялық ғылыми жүйесін жалғастырушы ретінде көрсетіледі. Оның философиялық мұрасы арабтілді философияның маңызды мәселелерінің бірі – бақытқа жету жолдарын іздеу тұрғысынан сарапталған. Студентке де, ғалымға да бірдей түсінікті баяндалған басты он тақырыптан тұратын кітапты дайындау барысында ғалымдар тобы – Ғ. Мұтанов, К. Таджикова, М. Хасанов, Г. Құрманғалиева, Г. Нұрышева, Н. Сейітахметова, А. Сырғақбаевалар аянбай еңбек етті. Сонымен қатар, Әл-Фараби мұрасын насихаттауда ҚазҰУ-дағы Әлем халықтары әдебиетінің институты мен «Әл-Фараби» орталығы бірлесіп, ғалымның «Қайырымды қала» мен «Музыка туралы кітап» атты еңбектерінің екі томдығын, «Ақыл кітабын» – «The Book of Mind» және «Әл-Фараби туралы кітап» жинағын жарыққа шығарған болатын. Шара аясында көпшілік бұл еңбектермен де танысуға мол мүмкіндік алды. Жиында ректор Ғалым Мұтанұлы аталмыш еңбектердің қазақ халқының рухани мұрасының нығаюына өзіндік үлес қосып отырғандығын айтты.


Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАҢА КІТАПТЫҢ
ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



3-бет

WWW.KITAP.KZ
САЙТЫ ШЫҒЫСТАНУДА
ҚОНАҚТА



6-бет

“СУҢҚАР”
СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ
ИЕГЕРІ БОЛ!



8-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

ӘЛ-ФАРАБИ – ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА

Сондай-ақ, жиынға қатысушылар ҚазҰУ ғалымдары мен ғылыми-зерттеу институттарының әл-Фараби мұрасын дайындау барысында атқарған ауқымды жұмыстары, ең алдымен, Шығыс және Орта Азия халықтарының, түрік және қазақ мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосқандығын баса айтты, сондай-ақ, ғалым мұрасының Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің бірлесуі мен өзара түсіністігінің нышаны екендігін тілге тиек етті. Техас технологиялық университеті философия департаментінің директоры, профессор Марк Вебб: «Біз, міне, 3 жылдан бері ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетімен бірге Ph.D докторларын дайындап, жазғы семестр өткізудеміз және әл-Фараби еңбектерін зерттеп келеміз. Мұның бәрі ұлы ойшыл мұраларын зерттеу арқылы инновациялық идеяларды табу және ашу мақсатында жасалуда. Бұған қатысу мен үшін үлкен құрмет және әлем мәдениетінің дамуына өз үлесімді қосу мүмкіндігі», – деп пікір білдірді.

Шара соңында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ғылым мен білім беру саласына, қоғамдық және халықаралық қызметке қосқан айтулы үлестері үшін бірқатар ғалымдарды марапаттады. Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» үлкен күміс медаліне Әбдімәлік Нысанбаев пен Клара Таджикова ие болса, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалімен Гүлжахан Нұрышева, Ғалия Құрманғалиева, Наталья Сейтахметова, Бақытқұл Жамбаевалар марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Жалғасы. Басы 1-бетте

АДАМЗАТ БОЛАШАҒЫН ҚАЗҰУ-ДА ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Шара зияткерлердің бірегей әлемдік, әйгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге бағытталған, жаңа парадигма жасаудағы белгілі отандық және шетелдік мамандардың пікір алмасу алаңы болып табылады.

Қазақстанда өтетін конференцияның басты ерекшелігі – біздің мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың бастама-сымен, әлемнің 4 миллионнан астам қолданушыларының басын қосатын бұндай жиынның «G-Global» жаһандық пікір алмасу алаңы тақырында өтуі.

Алматыдағы кездесу заманауи әлемнің қалыптасуын жетілдіруді талқылау және терең зерттеу, дамудың жаңа парадигмасын іздеу мақсатында үлкен халықаралық қоғамдық орта мен ғылыми-білім беру қауымдастықтарының

басын қоспақ.

Танымал шетелдік және отандық сарапшылар, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері, әлемге аты белгілі ғалымдар білім беру реформалары, ғылымның әлеуметтік жауапкершілігі, экономика мен экологияның бірігуі, жұмыспен қамту, құқықтың үстемдік құруы, әлеуметтік тұрақтылық, қауіпсіздік мәселелерін талқылайды.

Қазақстан беделі, «G-Global» форматындағы диалогтың құрылымы, ірі ғылыми ойлардың топтасуы – күн тәртібіндегі тақырып бойынша, адамзат өркениетінің өзекті мәселелерін шешуге ықпал ететін тиімді ұсыныстарды жасап шығаруға деген сенімділікті нығайта түседі.

Баспасөз қызметі

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ БЕЛСЕНДІ ДАМУДА

Өткен сенбі күні заң факультеті Қытайдың жетекші заң компанияларының бірі Yong Jia Xip компаниясымен бірлесіп «Жібек Жолындағы (Қазақстан-Қытай) сауда-экономикалық ынтымақтастық: құқықтық аспектілері» тақырыбында халықаралық форум өткізді.

Форум мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және өкімшілік құқық кафедрасының ұйымдастыруымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының жаңа ғимаратында өтті. Аталмыш форум Қазақстан мен Қытайдың заң компанияларының құқықтық мәселелер аясындағы ынтымақтастығын дамытуға бағытталды.

Жиында Қазақстан мен Қытай арасындағы Жібек Жолы бағытында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытудың өзекті құқықтық мәселелері талқыланды. Университет қазақстандық заңгерлер мен Қытай заңгерлерінің кездесуі жүзеге асқан ашық алаңға айналды.

Форумды ашқан заң факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор Л.Д. Байделдинов Қытаймен жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту біздің республикамыздың халықаралық қызметіндегі маңызды басымдылықтардың бірі екендігін ерекше атап өтті. Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан экономикасына \$20 млрд.-тан астам қытайлық инвестиция тартылды, оның \$6 млрд.-ы – тікелей инвестициялар. Өз кезегінде ҚХР-дағы қазақстандық инвестициялар \$2,7 млрд.-ты құралады, оның \$160 млн.-ға жуығы – тікелей инвестициялар. Қытай Қазақстанның индустриялық дамуына белсенді түрде қатысып жатыр. Қазақстан аумағында көптеген қытайлық компаниялар жұмыс істеді. Сөйкесінше, бұл қатынастар құқықтық реттеуді қажет етеді.

Академик С.С. Сартаев өз сөзінде бүгінгі таңда Қазақстан дамыған құқықтық жүйесі бар тәуелсіз мемлекет және біздің еліміздің тәуелсіздігі шетелдік мемлекеттермен, ең алдымен, Қытай мемлекетімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынас

саясатына негізделеді, – деп атап көрсетті.

Форумның жұмысына қазақстандық, қытайлық және қырғыздық ұйымдар қатысты. Бұл Қытайдың жетекші заң компаниясы Yong Jia Xip, ҚР-дағы ҚХР-ның елшілігі өкілдері, ҚХР-ның Коммерция министрлігі, ҚР нарығында жұмыс істеп жүрген ірі қытайлық компаниялардың өкілдері, Қырғызстанның «Прецедент» заң компаниясы, Қазақстанның жетекші заң компаниялары – «Саят Жолшы және әріптестер», «BADOLEGALADVISERS», «Адвокат» мамандандырылған заң компаниясы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері – Ақтөбе, Атырау облыстарының әділет органдарының, Алматы қаласының көші-қон полициясының, Алматы қалалық сауда палатасының, Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтардың, Алматыдағы жоғары оқу орындарының, адвокаттық компаниялардың, сондай-ақ, Қазақстанның жетекші ғалым-заңгерлері қатысты.

Форумның жұмысының қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қытайдың жетекші заң компаниясы Yong Jia Xip арасындағы ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Қытайдың жетекші заң компаниялары арасындағы шарттарға да қол қойылды.

Жиын соңында осындай халықаралық форумдарды алдағы уақыттарда да тұрақты және ұдайы өткізіп тұруға келісім жасалды.

А.С. ИБРАЕВА, з.ғ.д., профессор
Н.Қ. МЫҢБАТЫРОВА, з.ғ.к., доцент

РЕКТОРАТ

БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕМДІК ТАЛАПТАРЫНА САЙ

Оның айтуынша, университет студенттерінің 10 пайызын шетелдік студенттер құрауы үшін бірқатар шараларды жүзеге асыру ұсынылады. Алдымен кафедралар мен факультеттер деңгейінде ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын арттыру керек. ТМД және алыс шетелдердің жетекші университеттерімен қос дипломды білім беру бағдарламаларын жасау және келісімшартқа қол жеткізудің де маңызы зор. Сонымен қатар, жол картасында шетелдік студенттерді тарту үшін ҚазҰУ сайтында белсенді әрі тұрақты түрде ағылшын тілінде жарнама жасау, шетелдік әріптес ЖОО-лармен және Халықаралық қорлармен бірге түрлі бағытта жазғы және қысқы мектептерді, шетелдік студенттерге арналған шараларды ұйымдастыру және оларды университет сайты мен БАҚ-та жарнамалау, ағылшын тіліндегі оқулықтар мен кітаптардың, соның ішінде электронды материалдардың санын арттыру, халықаралық бағдарламалар аясында академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу, шетелден талантты жастарды тарту мақсатында Халықаралық

пәндік олимпиадалар өткізу шараларын атқару қажеттігі айтылды.

Ал шетелдік оқытушыларды тарту үшін бірінші кезекте шетелдік ЖОО-лармен әріптестікті дамыту керек. Бұл ретте шетелдік компаниялармен бірге ағылшын тілінде оқытатын және халықаралық сертификат беруді қарастыратын ғылыми-білім беру орталықтарын құру да тиімді ықпалын тигізбек. Сондай-ақ, кафедра меңгерушілері мен декандарға дәріс оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру, докторанттарға жетекші ретінде шетелдік оқытушыларды келісімшарт негізінде шақыру да тапсырылды.

Сонымен, ҚазҰУ өзі ұмтылған әлемдік деңгейдегі университетке айналуы үшін шын мәнінде халықаралық бола білуі шарт. Ол әлемнің ең талантты қызметкерлері мен студенттері үшін магниттей болып, ортақ адамзат мәселелерін талқылауда түрлі мәдениет пен дәстүр өкілдерін біріктіре білуі керек.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ БҰҰ-НЫҢ РӨЛІ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның «Academic impact» бастамасының тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы болғандықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтарына, сауаттылық, тұрақты даму және қақтығыстарды шешуге бағытталған бүкіл әлемге әйгілі он принципін қолдауда белсенді жұмыс атқаралы.

Жиынның негізгі мақсаты Біріккен Ұлттар Ұйымының адамзаттың өзекті мәселелері жөніндегі қызметін талдау және ұйым мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара ынтымақтастығының даму келешегін саралау болды.

Басқосудың құрметті қонақтары әрі бірлескен ұйымдастырушылары ретінде БҰҰ-дағы Қазақстан Республикасының бірінші тұрақты өкілі, ҚР-дағы төтенше және уәкілетті өкілі Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова, Алматы қаласында тіркелген БҰҰ агенттіктерінің өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелдің жұмысына БҰҰ-ның Сергей Лазарев (Алматы қаласындағы ЮНЕСКО бюросының директоры), Николай Ботев (елдер халқы бойынша субаймақтық офистің директоры), Александр Голиусов (Қазақстандағы, Қырғызстандағы және Түркістандағы ВИЧ/СПИД бойынша БҰҰ-ның біріккен бағдарламасының координаторы), Мадхави Ариабанду (БҰҰ-ның дүлей апаттарды азайту жөніндегі халықаралық стратегиясының координаторы), Рашид Мустафа (ҚР-дағы БҰҰ-ның Балалар қоры), Ирина Калыхалова (ЭСКАТО-ның Солтүстік және Орталық Азия бойынша субаймақтық бөлімшесінің өкілі) сияқты өкілдері белсенді түрде қатысқан болатын.

Халықаралық қатынастар факультетінің деканы Кәрімжан Шәкіров кіріспе сөзінде ҚР-дағы Біріккен

Өткен аптаның соңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетіне қарасты Біріккен Ұлттар Ұйымының орталығы мен Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның қоғамдық ақпарат департаменті «Қазіргі әлемдегі БҰҰ-ның рөлі» атты халықаралық дөңгелек үстел өткізді.

Ұлттар Ұйымы агенттігінің және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретіндегі қызметінің маңыздылығы мен қажеттілігін баса көрсетті.

Келесі сөз кезегін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің арнайы тапсырмалар жөніндегі елшісі Ақмарал Арыстанбекова алып, өз сөзінде «Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттағы баламасыз реттеуші орталық және ХХІ ғасырдағы көпжақты дипломатиядағы жаһандық басымдықтарды іске асырудағы бірегей механизм» екендігін ерекше атап өтті.

Шараның соңында А.Х. Арыстанбекованың бастама-сымен БҰҰ-ның алғашқы құжаттарының бірегей көрмесі ұйымдастырылды. Көрме студенттер арасында және басқа да қатысушылар арасында үлкен қызығушылық туырды.

Қорытындылай келе, дөңгелек үстел сыйластық және қызу пікірталас жағдайында өткендігіне, көптеген баяндамаларды талқыға салу нәтижесінде студенттердің және қонақтардың өзара ынтымақтастықтың жалғасуы жөніндегі және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі жаһандық хабы ретіндегі рөлінің ұлғаюына қатысты қызықты ойлар айтылды.

Л. ДЕЛОВАРОВА,
Д. МАЛБАҚОВ, Ғ. РАХЫМЖАН

Тәжірибе алмасып қайтты

«География және табиғатты пайдалану» факультетінің «География, жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының «6М060900-География» мамандығының 2-курс магистранттары Г. Әлімбаева, А. Ынтызарова, Ж. Мустафин, Усаров, Ж. Сманов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Зальбург университетінің (Австрия) «Geoinformatics, Web GIS and Image Integration» жазғы мектебінде ғылыми-кәсіптік тәжірибеден өтіп келді.

Тікелей университет тарапынан қолдау көрсетілген бұл іссапардың жас мамандар үшін беретін тәжірибесі өте жоғары деп бағалаймыз. Мұндай ғылыми-тәжірибелік мақсатпен жасалған тәжірибе алмасушылық келешекте де дәстүрлі жалғасын табады деп сенеміз.

География және табиғатты пайдалану факультетінің
2 курс магистранттары

29 қазанда ҚазҰУ-да заманауи журналистика мәселелеріне арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді

«ЗЕЛЕННЫЕ УНИВЕРСИТЕТЫ», ОБЪЕДИНЯЙТЕСЬ!

Под таким девизом выступили преподаватели и студенты факультета географии и природопользования нашего университета, сотрудники НИИ проблем экологии в рамках совместного проекта с Казахстанским национальным географическим обществом (КНГО) «Внедрение принципов «зеленого» офиса в высшие учебные заведения Республики Казахстан». В проекте будут принимать участие представители Назарбаев университета, других университетов, научно-исследовательских институтов, производственных компаний, независимые эксперты-экологи нашей страны.



«зеленого офиса» в своих организациях. На сайте совместными усилиями следует сформировать бесценный ресурс для будущей деятельности – научно-методологическую базу устойчивого развития, а также широко обмениваться информацией по организации виртуальных круглых столов, тренингов и мастер-классов, дебатных клубов, конференций, форумов представителей молодежи и студентов для обсуждения вопросов экономики и сбережения ресурсов, внедрения альтернативной энергетики, рационального обращения с отходами и их вторичного использования, применения экологически чистых материалов и продуктов.

В числе первых Меморандум подписали Казахский национальный технический университет им. К. Сатпаева, Казахский национальный медицинский университет им. С. Асфендиярова (г. Алматы), Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева, Казахско-Американский свободный университет (г. Усть-Каменогорск), Казахский агротехнический университет им. С. Сейфулина (г. Астана), Процесс подписания продолжается, а на сайте www.greenbridge.kaznu.kz уже представлена новая информация для сетевых вузов и организаций по проведению обучающего семинара по внедрению принципов «зеленых офисов» в вузы, НИИ и компании.

Ждем Ваших предложений и приглашаем принять активное участие в новом «зеленом» проекте!

Т. ТАЖИБАЕВА,
менеджер проекта, кафедра
энергоэкологии

«МЕНИҒ ЕЛІМ – МӘНГІЛІК ЕЛ: КАСПИЙДЕН АЛТАЙҒА ДЕЙІН» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ



Осы аптаның басында ҚазҰУ-дың «әл-Фараби» кітапханасында ұлттық университетіміздің студенттері «Менің елім – Мәңгілік ел: Каспийден Алтайға дейін» этнографиялық автокөлік экспедициясын қарсы алды.

Экспедиция казакстандықтарды, соның ішінде жастарды, еліміздің көріктілігі мен бірегейлігі идеясының төнірегінде біріктіру, жалпыға ортақ татулық пен келісім құндылықтары негізінде олардың бойларында отаншылдық сезімін ояту мақсатында ұйымдастырылды.


Кездесу кешінде жобаның қатысушылары жүріп өткен жолдарындағы әсерлерімен, мақсат-міндеттерімен бөлісті. Экспедицияға қатысушылар облыс орталықтарында өңірдің туристік, білімдік және экономикалық жағдайын көрсететін фотокөрмелер өткізгенін, жоба соңында экспедицияға қатысушылар сапардан алған әсерлері туралы фильм түсіріп, фотокітап шығармақ ниеттерімен де бөлісті.

Студенттер қосымша сұрақтар қойып, көрмелермен танысып, естелікке суреттерге де түсті. Кеш соңында студенттер жоба мүшелеріне жылы лебіздерін білдіріп, сәт-сапар тіледі.

Динара ШАКИРОВА,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің оқытушысы

Жаңа кітаптың тұсауы кесілді

Өткен жұма күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сафура Бөрібаеваның «Дипломаттың іскери сөйлеу мәдениеті» атты жаңа оқу құралының тұсаукесері аясында осы аттас дөңгелек үстел болып өтті.



Жиынға деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Л. Деловарова, Қазақстан Республикасындағы Түркия елшілігінің Бас консулы Супхи Атан, «Түркі әлемі» Халықаралық газетінің бас редакторы Дариға ханым, «Түркі әлемі» Халықаралық телеарнасының тележурналісі Тайфун Дурду, халықаралық «Түркі әлемі» қорының мүшесі Максұтхан Жақып, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының тілшісі, философ, публицист Әбдірашит Бөкірұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Гүлбану Қосымова, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің доценті, м.ғ.к. Бахыт Нысанова, саясаттанушы, тележүргізуші Бахытжан Бұхарбаев, тележүргізуші Дмитрий Доронин, шығыстану факультетінен жапон тілінің аға оқытушысы Әсел Бекебасова, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттері және халықаралық қатынастар факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Алғашқы болып сөз алған деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Л. Деловарова: «ф.ғ.к., доцент С. Бөрібаеваның бұл еңбегі факультет үшін үлкен абырой деп білеміз. Сафура Болатқызын үлкен жүректі ұстаз, мықты ғалым ретінде танымыз. Егер дипломатиялық протокол «мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың жақсы мәнері» болса, онда дипломатиялық этикет – бұл өз мемлекетін таныстыратын лауазымды тұлғалар, саяси және қоғамдық қайраткерлер арасындағы қарым-қатынастың жақсы мәнері болып саналады. Сондықтан, осы кітап арқылы біздің студенттеріміздің, яғни болашақ дипломаттардың іскери сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көп көмегі тиелді деген ойдамыз», – десе, Қазақстан Республикасындағы Түркия елшілігінің Бас консулы Супхи Атан өзінің қиындығы мен қызығы мол дипломатиялық қызметіне тоқтала келіп, С. Бөрібаеваның еңбегіне жоғары баға берді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Гүлбану Қосымова: «Мені ең алдымен, аудитория құрамының әртүрлі салада еңбек ететін адамдардан құралғандығы қызықтырып отыр, яғни бұл осы кітапқа деген қызығушылық танытатындардың көптігі деген сөз. С. Бөрібаева оқу құралында сөйлеу өнеріндегі шеберлік, дәлдік, грамматикалық мәселелерді дұрыс қолданған. Тілді үйрену –

зерттеушілердің, риторикалық ғалымдардың еңбектерінде әр сөзді өз орнымен қолдану деген сөз. Шебер сөйлеу – кім сөйледі, қайда сөйледі, қалай сөйледі: осы үш шартқа сәйкес құралып отырады. Кітапта бірінші ереже – анықтама, екінші – мәтін, үшінші – глоссарий беріліп отырады, яғни жинақылық, бірізділік байқалады. Елшінің мәдениетіне, біліміне қарап, елді таныған. Сондықтан, оқулықта ауызша сөйлеудің талаптарына да ерекше көңіл бөлінді».

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің м.ғ.к., доцент Бахыт Нысанова: «Мен дәрігер ретінде айтарым, сөз деген – өте қасиетті ұғым. Алдыма ауырып келген наукасты бір ғана жылы сөзбен ауруынан айықтырып жіберуге болатынына талай көз жеткізіп жүрміз. Сондықтан, адамдармен қарым-қатынас жасауда С. Болатқызының бұл еңбегі таптырмас құрал деп білемін».

Жыын қорытындысында С. Бөрібаева авторлық қолтаңбамен қонақтар мен студенттерге кітап сыйлап, алғыс білдірді. Факультет студенттері құттықтап, ұстаз құшағы гүлге толды. Ешқашан шаршауды білмейтін әріптесіме, тасың өрге домалап, ғылым көкжиегінен көріне бер, студенттеріне сүйікті ұстаз ретінде білім нәрін құя бер демекпін.

Осы іс-шараға демеушілік көрсеткен ҚазҰУ-дың заң факультетінің түлегі, автордың ұлы Алмас Жұмағалиев екендігін атап өтуді жөн көрдік.

Оқу құралы жоғары оқу орындары халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аймақтану» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған.

Г. АХМЕТАЛИЕВА,
халықаралық қатынастар факультеті,
дипломатиялық аударма кафедрасының
аға оқытушысы

«Елші сағаты» өтті

Шығыстану факультетінің арабтану және ирантану кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Кувейт мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті елшісі Алмас Шәмшиденұлы Әбдірамановтың қатысуымен «Елші сағаты» өтті. Кездесуде арабтану және ирантану кафедрасының араб бөлімінің студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамы елшінің «Қазақстан мен араб елдері арасындағы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, білім беру және мәдениет саласындағы ынтымақтастығы» тақырыбындағы дәрісін тыңдады.

А. Әбдіраманов мырза өз сөзінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы арабтық бағыты және араб елдерінің сыртқы саясаты, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты сыртқы саясатындағы бағыттары жайлы сөз қозғап, тәуелсіздігін алған Қазақстан мен араб елдерінің тез арада дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға ұмтылуын тарихи заңдылық дей келе, діні бір халықтардың аймақтық дәрежеде жақындасуы ешкімнің аландығын туғызбайтын заңды құбылыс деп бағалады.

Ендігі кезекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Кувейттегі жоғары оқу орындары арасында қосдипломды және академиялық ұтқырлық бағдарламалары, ғылыми-зерттеу тағылымдамалары, оқу-әдістемелік тәжірибе алмасу, ғылыми және оқу-әдістемелік семинарлар өткізуді қарастыратын ынтымақтастық туралы келісімдер даярлау бойынша белсенді жұмыстар жүргізілу жоспарланып отыр.

Жанар ӘБДІҚАДЫРОВА,
арабтану және ирантану кафедрасы менгерушісінің
оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

ҰСТАЗДЫҚ ҒҰМЫРЫНЫҢ БІРНЕШЕ ЖЫЛЫН ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚЫТУШЫЛЫҚ ЕТУГЕ АРНАҒАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ

А. КЕНЖЕБЕКОВТЫҢ ӨЗІ МЕН ҰСТАЗДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ БІР АУЫЗ ЛЕБІЗІН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА
ҰСЫНҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІК. ТАҒЫЛЫМЫ МЕН ӨНЕГЕЛІ ӨҒІМЕ СТУДЕНТ ҚАУЫМЫНА ТӘРБИЕ БЕРСЕ,
БЫЛАЙҒЫ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ТӘЛІМДІ ЕСТЕЛІГІМЕН ТӘНТІ ЕТЕРІ СӨЗСІЗ.

АҚЫЛБЕК КЕНЖЕБЕКҰЛЫ КЕНЖЕБЕКОВ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Аймақтық экологиялық зерттеулер» ғылыми зертханасының менеджері, коллоидтық химия, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік экология саласының жетекші маманы, академиялық профессор, химия ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның «Экология» Халық академиясының корреспондент-мүшесі.

А.К. Кенжебеков 1949 жылдың 10 тамызында Алматы облысы, Ескелді би ауданының (бұрынғы Қапал ауданы) Қоңыр ауылында туған. 1967 жылы Үштөбе қаласындағы Қазақ теміржолының №262 орта мектебін күміс медальмен бітірді және мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде химия пәнінің мұғалімі, ұлағатты ұстаз Қаби Мұхамедиевтің ғылыми жетекшілігімен қалалық, аудандық, облыстық және республикалық пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Мектепті бітірген жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың химия факультетіне оқуға түсіп, 3 курстың студенті кезінде дүниежүзіне әйгілі ғалым, академик, химия ғылымдарының докторы, профессор Михаил Усанович пен химия ғылымдарының докторы, профессор Ермек Хасенқызы Абланованың ғылыми жетекшіліктерімен темірдің аминдермен қосылыстарының «Мессбауер эффектісіне» арналған алғашқы ғылыми мақаласы жарық көрді. Аты әлемге әйгілі ғалым, Қазақстандағы коллоидтық химияның негізін қалаушы және бірінші ғылым докторы, профессор Қуанышбек Мұсабеков ғылымның қаламын ұстатып,

әліппесін үйретті, өмірге деген көзқарасын қалыптастырды.

2004 жылдың маусым айында Алматы облыстық әкімшілігі ұйымдастырған экология саласында оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазуға арналған тендерге қатысып, оны ұтып алып, университетте алғаш рет 2 млн. теңгеге көлемі 13,8 баспа табақ, таралымы 14 мың дана экология тақырыбына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды баспадан шығарды.

А.К. Кенжебековтың коллоидтық химия, экология және жоғары білім саласына арналған тақырыптарда халықаралық, республикалық және жергілікті басылымдарда 200-ден аса ғылыми мақалалары мен тезистері, оқу және оқу-әдістемелік құралдары қазақ, орыс, француз тілдерінде жарық көрді. Олардың ішінде 10 оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдар, 3 монография бар.

2004-2007 жылдары Білім және ғылым министрлігі комиссиясының құрамында мемлекетіміздің жоғары оқу орындарында Ұлттық бірыңғай тестілеуді, Мемлекеттік аралық бақылауды және Аттестацияланушыны кешенді тестілеуді сапалы ұйымдастырғаны және жоғары деңгейде өткізгені үшін министрліктің Құрмет грамотасымен, ал, ғылым, білім және тәрбие саласындағы жетістіктері үшін университет ректоры бірнеше рет Алғыс хаттармен марапаттады. Алыс және жақын шет елдерде (АҚШ, Ресей Федерациясы, Украина) өткен ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, сертификаттар алды.



Ғылымның әліппесін үйретіп, қаламын ұстатқан...

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САН ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫНДА ЕЛІНЕ, ЖЕРІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҰЛДАРЫ МЕН ҚЫЗДАРЫНЫҢ ЕСІМДЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ. МЕНІҢ ӨМІР ЖОЛЫМДА МАҒАН ӘКЕМДЕЙ ҚАМҚОРШЫ БОЛҒАН, КЕЛЕШЕГІМДІ АЙҚЫНДАҒАН, АТЫ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ЖАСТАРДЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ, ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ҰЛЫ, ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, ҚР ҰҒА-НЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ БАТЫРБЕК АХМЕТҰЛЫ БІРІМЖАНОВТЫ ЕРЕКШЕ АТАҒЫМ КЕЛЕДІ.

Батырбек Ахметұлының тікелей қолдауымен университет қабырғасына қызметке орналастым, Алжир Халық Демократиялық Республикасында еңбек еттім, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамада болып, аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыдым, кандидаттық диссертация қорғадым. Менің ғылыми жұмыспен шұғылдануыма себепкер болған, алғашқы ғылыми жұмысым – титан мен цирконийдің фосфаттарын ионалмастырғыш ретінде пайдалану мүмкіншілігін қарастыруды ұсынып, зерттеу жұмысыма ғылыми жетекші болған, тұңғыш рет нақты ғылыми мақала жазуға көмектескен, химия ғылымдарының докторы, профессор, білім беру ісінің озаты, ҚР Жоғары Мектеп Академиясының академигі, коллоидшылардың Халықаралық (IACIS) Ассоциациясының мүшесі, Англияның Корольдік химиялық қоғамының мүшесі Қуанышбек Битуұлы Мұсабеков болды. Осыдан кейінгі ғылыми жұмысымның негізгі бағыты – май фазасында еріген беттік-активті заттардың су фазасында еріген полиэлектролиттермен әрекеттесуінен жанасу бетінде пайда болған қосылыстардың өте жұқа қабатының реологиялық қасиеттерін зерттеуге арналды. Кандидаттық диссертациям да осы мәселеге арналды.

Кейінгі жылдары ғылым мен өндірістің байланысын іске асыруға арналған Шымкент қаласындағы «Шымкентшина» зауытында резина құрамына кіретін ақ күйені (белая сажа) фосфор өндіруде пайда болған қалдықтармен алмастыру мүмкіншілігін зерттеуге арналған жұмыстарға қатыстым. Бұл жұмыстардың ғылыми жетекшісі – Қуанышбек Битуұлы.

1973 жылдан 1986 жылға дейінгі аралықта коллоидтық химия кафедрасында қызмет істеген жылдарым да ғылыми, педагогикалық қалыптасу жылдарым болды. Осы кезең менің өмірімде өшпес із қалдырды. Егер өмірімде бір жетістіктерге жетсем, ол осы жылдары коллоидтық химия кафедрасының ұжымынан, Қуанышбек Битуұлынан және ол кісінің жұбайы Жеңіс Жанғалиқызынан алған тәлім мен тәрбиенің нәтижесі деп сеніммен айта аламын.

Куратор - қарым-қатынасты үйлестіруші

Студент үшін куратор – бұл жетекші. Бұл адам кешегі мектептен келген, әлі «сарыауыз» студентті жоғары оқу орнымен, оның ережелерімен, оқу процесінің тәртібімен таныстырады. Куратор кешегі оқушыны студенттік өмірге бейімдеп, енді ғана құрылған ұжымды жұмылдырып, әрбір студенттің білім ошағында қанатын жаюға, топ ішінде өзін жайлы сезінуге көмектеседі. Оқытушылар мен студент арасында дұрыс қатынас болуына атсалысады. Куратор қызметі өте қажет, өйткені, ол студент үшін дұрыс бағыт беруші «компас» бола алады.

Куратордың кәсіби рөлі өзінің субъективті жеке, дербес қасиеттерімен біте қайнап, осы кәсіби қасиетті толық орындауына әсер етіп, кураторлық қызмет стиліне ықпал етеді. Белгілі бір топқа бүкіл курс бойына кураторлыққа бекіту туралы шешімді деканат қабылдайды. Куратор студенттік топ активіне ұйымдастырушылық жұмыстарына көмектеседі, студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына, әртүрлі студенттік өзін-өзі басқару нысандарына қатысуына ықпал етеді. Куратор өз жұмысын студенттің әр қайсысымен дербес жұмыс, олардың білім деңгейлеріне, олардың қызығушылықтары мен икемдеріне қарай, денсаулықтары мен тұрмыстық мәселелеріне қарай жоспарлай отырып, оларды сабақ уақытымен қатар, сабақтан тыс уақыттарында қолайсыз жағдайларға ұшырап қалмауына ықпал етеді. Куратор – мектептегі сынып жетекшісіне ұқсайды, бірақ, куратор жұмысының сынып жетекшісінің жұмысынан айырмашылығы бірінші курс студентінің жас айырмашылық ерекшелігінде, яғни, олардың психологиялық ерекшеліктері мен жас ерекшеліктеріне байланысты.

Әлеуметтік сауалнама жүргізу мәліметтеріне сүйенсек, 53%-ға жуық бірінші курс студенті куратордың жұмысының қажеттілігін сезінеді екен. Бұл пікірді 36% төртінші курс студенті де қолдайды. Куратор негізінен оқу

үлгеріміне байланысты мәселелердің (6,8%), денсаулығына байланысты (4,8%), жеке басына байланысты мәселелердің (4,9%), курстастарымен қарым-қатынастарын түзеуге байланысты (5,8%), факультеттің қоғамдық жұмыстарына араласу үшін (19,1%), курстық және ғылыми жұмыстарын рәсімдеуге көмек (3,2%), оқытушылармен болған келіспеушілік жағдайларды шешу (2,8%) ісіне араласады. Егер куратор болмаса, студенттік өмірге үйрену – 29,6% студентке қиын болар еді, қызықты адаммен араласу мүмкіндігінен айырылатын студенттер – 12%, оқудың алғашқы айларында қиналатындар – 12%. Кураторға қажеттілікті сезінбеген студенттер – 7,3%. Өз мәселелерін өздері шешуге бейімделген студенттер – 7,6%. Жоғарыда аталған нәтижелерге сүйенсек, студенттердің басым бөлігі куратордың қажеттігін растайды. Оның жұмысы – бағалы және қажет.

Кураторлар «көбінесе студенттер оларды мойындағылары келмейді және ізет танытпайды» деп шағымданады. Бұл жерде, біріншіден, оқытушының өзі кінәлі. Әрине, оның басқа да себептері болуы мүмкін. Барлық балалардың тәрбиесі бірдей болуы мүмкін емес, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық бала кезден бойға сіңбеген балалар да кездеседі. Куратор алғашқы сәттен бастап студенттермен қарым-қатынасын дұрыс бағыттап алуы керек. Олардың алдарында



денгейі биік, өресі жоғары екендігін көрсете білуі керек. Бірақ, асқақ, қол жетпейтін адам болудың қажеті жоқ. Балаларды бірден өзіне баурап алу – күрделі психологиялық процесс, оған оқытушының ыждаһаттылығы мен түсіністік қасиеттерінің болуы қажет. «Куратор» сөзінің өзі «көмек қолын созатын, бағыт-бағдар беретін» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан, осы анықтамаға мейлінше жақындай отырып, оқытушы өз нәтижесіне жетеді. Студенттер де оған жақындай түсіп, оны өз денгейінде қабылдайды.

Кураторлық, тіпті, үлкендер үшін де қажетті педагогикалық қолдауды қарастырады.

Университеттің Экономика және бизнес жоғары мектебінде кураторлық-эдвайзерлік жұмыс жақсы жолға қойылған. Бүгінгі таңда куратор-эдвайзер топ студенттерімен етене араласа отырып, олардың оқу үрдісіне сәйкес кредиттік технология ережелеріне сай мамандықтарына қажетті пән таңдауда бағыт-бағдар берумен қатар, сол топ мүшесіндей студенттік топтың өмірімен тығыз байланысты қызмет атқарады. Әрбір куратор-эдвайзер кафедраның, жоғары мектептің, университеттің алдына қойған Стратегиясына сай алдарына мақсат қоя отырып, еңбек етуде. Университетте

жақсы жолға қойылған «Универ» жүйесі де куратор-эдвайзерлердің жұмыстарына көп көмек беруде. Атап айтсақ, бүгінгі таңда куратор-эдвайзер де, студенттің ата-анасы да «Универ» жүйесі арқылы үлгерімін қарап, бақылау жасай отырып, дер кезінде бағыт-бағдар беруге мүмкіндігі бар, яғни ата-ана баласының логині мен пароль арқылы жүйеге еніп, қадағалай алса, куратор-эдвайзер жүйеге өз логині және паролімен еніп, эдвайзер деген бетшеден үлгерім журналы арқылы студенттерінің оқу үлгерімі туралы ақпарат ала алады. Әрине, куратор-эдвайзерлердің жұмысы бірсарынды болмауы керек, яғни студенттердің спортқа, ғылымға, өнерге бейімділігі немесе қызығушылығына қарай баулуға тиіс. Университеттің ғылыми-зерттеу, инновациялық бағдарламалар және жобаларға кенінен көңіл бөлініп отырған шақта әрбір куратор-эдвайзер өз топ студенттерінің халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, жобаларға қатысуына көңіл бөлуді қажет етеді.

Г.И. СҰПЫҒАЛИЕВА,

экономика және бизнес жоғары мектебі «қаржы» кафедрасының аға оқытушысы

ЖАНАР ӘЗІЛХАНҚЫЗЫ НҮРШАЙЫҚОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор:

Әкем өз өмірін жазу үстеліңсіз елестете алмайтын

— Жанар апай, қазіргі уақытта немен айналысып жүрсіз? Еңбек жолыңыз қалай, қай жерде басталды?

— Жалпы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шет ел азаматтарының тілдік құрылымын қалыптастыру бағытында өз қызметімізді атқарып жатырмыз. Он жылдай осы тілдік дайындау кафедрасының жетекшісі болдым. Ал, қазір бұл орынға білікті әрі жас маман тағайындау қажеттілігі туып, Гүлнар Қуанышқызын осы орынға лайық деп таптық. Кандидаттық диссертациямды Ташкентте, докторлықты осы университетте қорғадым. Профессор Елена Сүлейменованың алдында мен өз дипломдық жұмысымды орындадым. Уақыт өте келе ол кісі біздің анамыздай болып кетті.

жинақтап «Өмір өрнектері» атты кітап жазып шығардық. Кітап жәй ғана деректерден емес, қаламгер жайлы толғаныстар мен перзенттерінің сағыныштан жазған шығармаларынан құралған. Бұл кітап болашақ жастарға қажет болар мұра деп есептеймін.

— Мүмкін жансақ дерек шығар, мүмкін шынымен солай... Әзілхан аға атеистік көзқараста болған екен. Бұл қаншалықты дұрыс?

— Анам қайтыс болған жыл — біз үшін қайғы-қасіреттің жылы болды. Анам да, әкем де о дүниелік болар шағында өздерін мұсылмандарша жерлегенін қалағандарымен олай болмады. Әрине, мойындау қажет, әкемнің ондай көзқараста болғаны рас. Ол кездерде комсомолдық кезең әсер етті ме,



— Отбасыңыз жайлы да айта отырсаңыз?

— Отбасым туралы айта кетсем, бір қызым бар: есімі — Сабина. Ол қазір Вашингтонда жары мен қыздарының жанында. Жанымнан артық көретін екі немерем бар: алғашқы немеремнің есімі — Халима, екінші немеремнің есімі — Ямин. Бұл есімдердің өз тарихы бар. Халима — марқұм анамыздың аты. Ескі есім болғанымен, ерекшелігі сонда еді. Ал, Ямин — күйеу балам Джейсонның анасының есімі болатын. Екі немерем — менің қуанышым, бақытым. Былғы жыл мен үшін өте жақсы өтті және есте қаларлықтай болды деп айта аламын. Мен осы жылы немерелерім мен қызымды көрдім. Олар Алматыға келді. Бірге қаланы араладық, бірнеше жыл өткен соң мен де қаланы сол кезде араладым. Біраз жерлерді ұмытып қалыппын (күлді). Мен үшін қызым мен немерелерімнің келуі — бұл жылғы үлкен қуаныш болды десем артық айтқандық емес.

— Әзілхан аға туралы айта отырсаңыз. Ол кісі қандай жан еді? Қандай әке болды? Нендей ерекшелігін баса назарға салып айта аласыз? Қаламгердің біз білмейтін қандай сырлары, туындылары бар?

— Шыны керек, әкем өз өмірін жазу үстеліңсіз елестете алмайтын. Шығармаларын өңдеп, оқырманға түсінікті болардай етіп ұйымдастыратын. Әдеби тілге өте бай болатын. Барлық нәрсе сабырлықпен қарайтын. Айта кетерлік дүние, қазір Астанада тұратын Жаннұр Нұршайықовтың қызы Алма Нұршайықова әкемнің өмірі мен шығармаларын насихаттайтын сайт ашты. Сол сайтта әкем туралы барлық мәліметтер бар. Сондықтан да, қаламгер туралы айтылмаған сыр бар деп ойламаймын. Себебі, біз, яғни соңында қалған балалары мен немерелері, ол кісінің барлық шығармаларын, өмір жолын оқырмандарының танып-білуі үшін тер төгіп келеміз.

Өткен жылы әкемнің туғанына 90 жыл толуына орай, студенттер мен оқушылардың қатысуымен үлкен көлемде байқау өткіздік. Конкурс қаламгер туралы жазылған эссемен бағаланып, 2 позициядан құралды. Біріншісі — шығармалары туралы эссе, ал, екіншісі — кітаптары туралы. Қатысушылар өте көп болды, мен, тіпті, таң қалдым және де жазған эсселері жоғары деңгейде болды. Сонымен қатар, сол жылы әкем туралы мұрағаттан деректер

жок, әлде қандай да бір жағдайлар әсер етті ме, белгісіз, әкем ислам дінін мойындамады. Бірақ, мен ойлаймын, ол кісілер мұсылман болып, мұсылманша жерленбесе де, өздерінде бір ерекшелік болды.

— Іні-сіңілілеріңіз туралы да сыр шертсеңіз?

— Жаннат туралы айтсам — білікті экономист. Ұзақ уақыт ҚазҰУ-дың жоспарлы қаржы басқармасының бастығы болды. Қазір, Ақтау қаласында «Манғыстаумұнайгаз» экономист болып қызмет атқаруда. Күйеуінің есімі — Серік. Сәкен атты ұлдарынан Әлихан атты сүйкімді немере сүйіп отыр. Ал, Арнұр қазір «Центркредит» банкінде жұмыс атқарады. Жары — Светлана, қызы — Әлия. Жаннұр болса, инженер-энергетик және «ҚазЭлектроИнжинирингтің» алғашқы президенті. Фатия есімді жары мен Дина, Алма сынды қыздары бар.

— Қазақ ұлттық университетінде білім беріп, факультетте жетекші болып келе жатқаныңызға біраз жыл болыпты. Көпті көріп, көпті түйген адам ретінде университетіміздің өткеніне, бүгініне, келешегіне қандай баға берер едіңіз?

— Осы оқу орнының әр жері, әр бұрышы маған ыстық. Дәріс берген әрбір сәтім есімнен кетпейді, өйткені алдында 5 студент отырса да, 1000 студент отырса да, олар маған ұл-қыздарымдай болып кеткен жандар. Университет тарихы шежіреге толы ғой. Талай білімді оқытушылар дәріс беріп, талай білімді кадрлар түлеп ұшты емес пе?! Ал, оның бүгіні де ертенгі қазынаға толы тарих болады деп сенемін, себебі — жастардың оқуға деген құштарлығы күн санап өсіп бара жатқан секілді. Алайда, болашақ туралы айту сәл қиындау, дегенмен, сіздер секілді ізденімпаз, білуге құштарлығы мол жастар барда университеттің ғана емес, еліміздің келешегі жарқын болады деген сенімдемін!

— Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рахмет! Сізге отбасылық бақыт, жемісті еңбек, шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Дина ТӨЛЕГЕНОВА

МАДИЯР ЕЛЕУҰЛЫ ЕЛЕУОВ,

тарих факультеті, археология және этнология кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы:

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН...»

Мен 1946 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылында дүниеге келдім. Мен туып-өскен ауыл, мен үшін, әр уақыт қымбат. Себебі, менің балалық шағым, өмірімнің ең бір қызықты кезеңдері осы жерде өтті. Мектеп бітіргеннен кейін, балалық шақтағы арманым жетелеп, алғашқы рет 1965 жылы Алматыға келдім. Сөйтіп, тарих факультетіне тапсырып, конкурстан құладым. Келесі жылы тағы да шет тілінен құлап, оқуға түспей қалғаннан кейін, геологиялық орталық жанынан экспедицияға адамдар жинап жатыр екен, солардың құрамына қосылып, Балқаштан 200-250 км қашықтықтағы бетпак далада екі ай экспедицияда болдым. Алла Тағала менің тағдырыма Шу мен Таластың, Қаратаудың бойын зерттеуді жазса керек. Себебі, менің содан кейінгі өмірім Шу, Талас, Қаратаумен байланысты болды. 1967 жылы тарих факультетіне оқуға түстім.

Атамыз қазақ «ата балаға сыншы» дейді. Менің осы жоғары оқу орнына түсуіме, ғалым болып қалыптасуымда тікелей әкем мен шешемнің зор ықпалы болды деп айтар едім. Мысалға, мен әкем 84-ке келгенде оқуға түстім. Менің бірнеше жыл оқуға түсе алмай жүргенім әкемнің жанына қатты батты. Тіпті, мен университетті қызыл дипломмен бітіріп, 7-8 ай Қызылорданың аудандық музейінде жұмыс істегенде, әкем маған «неге сен Алматыда қалмадың?» деп қатты ренжіген болатын. Мен сол уақыттан бастап «мен осы мамандықты таңдадым ба, ендеше осы мамандыққа түсуім керек, жетуім керек» деп ойлай бастадым. Енді ол кезде, ата-ананың берген тәрбиесі өз алдына болатын, ал менің өмірде ғалым болып қалыптасуыма, сөз жоқ, ол университеттегі маған сабақ берген, қазір бақилық болған, қазақтың біртуар тұлғалы ғалымдарының бірі Ә. Марғұлан, сонымен қатар К. Ақышев, К. Елеуұлы, Ә. Оразбаев, М. Қадырбаев, Х. Алпысбаев деген белгілі тарихшылар болатын. Біз осы ұстаздарымыздың қасында жүрдік, бірге экспедицияға бардық. Міне, сол кісілердің қасында жүріп біз осы ғылымның, археологияның қыр-сырын, оны қазудың жолдарын үйрендік. Мен өзімді бірінші, әкем мен шешеме қарыздар болсам, екіншіден, сол ұстаздарымыздың алдында үлкен қарыздар сезінемін. Жалпы, осындайдың барлығы отбасы тәрбиесінен басталады. Егер бала отбасынан, әке-шешесінен, үйінен, мектебінен дұрыс тәрбие алып келген болса, ол университетке түскеннен кейін де сол алған тәрбиесінен, бағытынан таймайды деп ойлаймын. Осыған

қатысты ата-аналар, әсіресе, жас ата-аналар бала тәрбиесіне салғырт қарамаса екен деймін. Мысалы, Алматының көшесін аралап келе жатқанда, баласын ертіп келе жатқан жастарды, орта жастағы кісілерді көресіз, тіпті, кейде жасы 70-80-ге таяған ақсақалдарды да көресіз. Солардың немересімен, не болмаса жас балаларымен орысша, не басқа тілде сөйлесіп келе жатқанын көргенде менің жылағым келеді, шындығына келгенде. Неге атасы баласымен орысша сөйлесуі керек? Мысалы, мен өзімнің ұлым мен келініме «менің немереме бес жасқа толғанша бір ауыз басқа тілдің сөзін үйретпейсіңдер!» дедім. Кішкентай балаға орысша, ағылшынша, немісше, яки французша сөзді үйретудің қажеті жоқ. Менің немеремнің тілі таза қазақша болуы керек, ол қазақша ойлап, санасы қазақша ойлағаннан кейін, қажет болған тілді үйреніп алады. Елбасымыздың өзі үш тілді болу керек деп отыр ғой. Ал, сол қалған екі тіл қажеттіліктен туындауы керек. Айталық, неге қазір Қазақстандағы тіл саясаты жүзеге аспай отыр? Мысалы, мектептерде қазақ тіліне деген үстірт қараушылықтың бар екендігі, тіпті, қазір оқушы ҰБТ тапсырған кезде қазақ тілінен алған балы есепке кірмейтін болды. Ал, ол есепке алынбағаннан кейін оны бала оқымайды, оған көңіл бөлмейді. Оған үш қойса да бәрібір. Егер сол алған балы есепке алынатын болса, ол бала соны жаны шығып оқыр еді. Сондықтан, біз міне, Құдайға шүкір, егемен ел болдық, енді осы тіл мәселесіне, тарих мәселесіне жан-жақты көңіл аударатын, соның қамын ойлайтын уақыт келді деп ойлаймын.

Қоғамның басты мәселелеріне айналып отырған осы бір мәселелерді шешетін бүгінгі күннің жастары. Сондықтан, мен, сөз жоқ, жастарға сенемін. Себебі, кейінгі ұрпаққа сенбеген халықтың болашағы жоқ. Мұны кез келген адам білуі керек. Мысалы, мен қазір тәрбиелеп жатқан шәкірттеріміздің ішінен атақты ғұлама ғалымдардың шығатынына көміл сенемін. Бірақ, жастарға айтарым, еңбек етуден еш шаршамаңыздар! Оның қиындығына төзе білу керек. Атап айтқанда, археолог болу үшін тек қана оқыған аз, сонымен қатар, көптеген экспедицияға қатысу керек. Археологияның күліне кіріп, шаңынан шықпайынша, жақсы маман болып шығу екіталай. Сондықтан, қай заманда болса да, адам еңбек етуден еш шаршамаса, ол түбінде еңбегінің жемісін міндетті түрде көретін болады.

Жазып алған
Айзада ЖОЛДАСОВА

«...Баталы ер арымас»

Реті келіп жатса, үлкеннен бата алып, алғыс естіп жатқанға не жетсін! Алайда, сол жағын көбінесе ұмытып кетіп жататынымыз да өтірік емес. Осы ретте газетіміздің бетінен ара-тұра болса да, ақсақалды адамның кейінгі ұрпаққа жөн сілтеп, ақыл-кеңесін айтып, батасын берген лебіздерін беріп қойсақ, артықтық етпес деп ойлаймыз.

Бүгінгі жастарға отаншылдық-патриоттық тәрбие беру, халықаралық достық қағидаларын ұстану сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру ұстаздардың басты ұстанымы болуы тиіс. Себебі, салауатты, білікті, тәрбиелі мамандарды дайындау — ел болашағының, тәуелсіздігіміздің кепілі. Сондықтан, менің жастарға айтарым: білімді, сауатты, тәрбиелі маман болыңыздар! Ол үшін әрдайым сабаққа тұрақты қатысып, тапсырмаларды уақытында орындандар! Университетте оқытушылар сіздерге білім есігін ашып берді, әрі қарай өздеріңіз әр түрлі әдебиеттерді, мақалаларды оқып, біліктіліктеріңізді арттыруға тиіссіздер! Білімді кісі өз жолын өзі табады.

Заман талабына сай үш тілді: қазақ, орыс, ағылшын тілін терең меңгеруге тырысыңыздар. Абай атамыз айтқандай: басқа халықтың тілі ғылымды меңгеруге көмектеседі. Шет ел тілін, ол елдің мәдениетін білу, сізді сол елдің азаматтарымен теңдестіреді. Дегенмен, біріншіден, ана тілін жақсы білуге, құрметтеуге

тиіссіздер!

Халықаралық достықты, ұлтаралық келісімді сақтандыра, заңды жақсы біліп, оны құрметтендер!

Әдепсіздіктен, жалқаулықтан, жауыздықтан, іссіздіктен сақтаныңдар. Ешкімге жамандық ойламаңдар. Ата-ананы, достарды, үлкен кісілерді сыйлай біліңдер. Барға разы болып, өмірді жақсарту жолын адалдықпен, еңбекпен ізденіңдер демекпін.

Қазақ халқы қай кезде де білім мен ғылымнан, мәдениеттен кенде болған емес. Солай десек те, әрбір дәуірдің қояр талабы бар. XXI ғасыр табалдырығын әлем таныған тәуелсіз мемлекет ретінде атаған Қазақстан болашағы — кемел білім мен ғылымда. Демек, қуатты ел болу үшін бүгінгі жастарымыз, ең алдымен, білімді болуы қажет.

Сәкен ҚАЛАМҚАЛИҰЛЫ,
география ғылымдарының докторы, профессор,
ақсақалдар кеңесінің мүшесі



ИСА БАЙЗАҚОВТЫҢ «ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ

Иса Байзақовтың өлеңдері мен әндері, суырыпсалма айтқыштығы қазақтың халық әндері, эпос-жырларымен ажырамас-тай қауышып жатыр. Осындайда Мұхтар Әуезовтің естелігі еске түседі. «Бір күні Исаға тұтқиылдан қасақана тиісіп, шүйілмесім бар ма! Осы сен өркөкіректеніп, өзеуреп, «мен», «мен» деп неге кеуде кересің? Неге бұлданасың, бәлденесің? Кәне мықты болсаң, көрейін сені! Айталық, мен дүние салған екенмін. Сол турасында жоқтау айтшы, кәне, қолма-қол осы арада. Айтарыңның сөзі де, сазы да жаңа, соны болсын!» – дедім. Қаршыға бітімді шапаты Иса шапшаңдыққа басты. Шиыршық атып, алабұртты. Мойны келтелеу, жылдар ізінен қарақоңырланып жылтырланған кәрі серік домбырасы шанағының бет тақтайын ортан қолмен тарс-тұрс соғып жіберіп, шырқап кетті дейсің! Иманым қасым болды, қара жер теңселіп, тұңғыық аспан төңкеріліп бара жатқандай. Жер үстінің нәз-наласы соның ғана көкірегің керегендей, қарс айырғалы кернегендей. Азалы әуен, қара жамылған қам келіншектердей тірі сөздер! Төбе құйқам шымырлап кетті. Әттең, әсем әні де, әдемі жыры да сол жерде қалды. Ол кезде қазіргідегідей магнитофон, диктофон бар ма еді?» – депті ұлы жазушы.


Бұдан көретініміз, Байзақовтың халық фольклорымен тығыз өмір сүргеніне айғақ. Ақынның «Құралай сұлу» атты поэмасы да солай. Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» атты поэмасы тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан жинақтаудың жаңа үлгілерін танытады. Бұл шығармаға ақын алдымен қазақ тағдырындағы айрықша

орны бар ірі-ірі тарихи оқиғаларды арқау етеді. Халықтың бостандық, тәуелсіздік жолындағы мақсатты күресі алдыңғы қатарға шығады да, осынау оқиғалардың ел өміріндегі, жекелеген адамдар тағдырындағы әлеуметтік-рухани салмағына назар аударылады. Ақынның дүниетаным тереңдігі, тарихи көзқарасы,

поэтикалық, көркемдік жинақтау әдіс-тәсілдері өзінің кең ауқым-дылығымен, шынайылығымен оқырманын баурайды. Он үшінде жауға шауып, қапияда тұтқынға түсіп, бес жыл азап көріп, ақыры одан құтылып шығып, жауына ойран салған Келден батырдың ерлік жыры баяндалады.

Қазақ жүрегінде «Есім ханның ескі жолы» деген аңызға бергісіз қанатты сөз қалдырған, ел бірлігі, ұлттық мұрат жолында баға жеткісіз тарихи еңбек жасаған әйгілі Есім ханның заманында тағдыр кешкен, елінің жоғын жоқтаған, әділдігімен, турашылдығымен көпке жакқан Монтай бидің тұлғасы да поэманың құнарлы тұсы деуге болады.

«Құралай сұлу» поэмасында туған жерді қасық қаны қалғанша қорғай білетін батырлық болмыс пен адал махаббаттың жолында басын бәйгеге тігетін азамат тағдырының арасындағы рухани сабақтастық, жүрек қуаты қылаусыз поэзия тілінде сөйлейді. Автор осынау адам бойындағы ізгі қасиеттерді нақты көркем тұлғалар арқылы, олардың



жан дүниесіндегі сезім толқындарын жарқырата аша отырып, оқырманына терең тебіреніспен жеткізеді.

Қ. АЙСҰЛТАНОВА,
гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының меңгерушісі

«ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ» ПОЭМАСЫ

Ойласаң өткен күнді айтады жыр,
Тыңдасаң естіледі бір терең сыр,
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған,
Суреті өткендердің алдымда тұр.

(«Құралай сұлу» поэмасынан үзінді)

Ұлы Қазақ даласында сан ғасырдың сырын ашатын тарихи туындалар қазақ халқының өткенінен өнеге беріп, болашағына сенімді қадам жасауға ықпал етуде. Тарихи шығармалардың бірі «Құралай сұлу» поэмасын оқып отырып, өр намыс, өміршіл арман, сөнбейтін сезім, сынды ұғымдардың мән-мағанасын терең сезіндім. Поэмадағы негізгі кейіпкерлер Келден мен Құралайдың бойындағы қасиеттер еріксіз таң қалдырды. Еліне жау шауып, бар малын айдап жөнелгенде жалғыз кара болып, жауға шапқан Келден батыр қапыда қолға түсіп, 5 жыл бойы қалмақтың тұтқынында болады. «енді сен біздің жауымыз емессің ант бөр!» деген ханның өзіне қарсы шығып, «бүгін жіберсең, ертең шабам» деп, өз ойын кесіп айтады. Қазақтың ешқашан қалмақ болмайтынын, қазақ болып өлетінін жеткізеді. Ендігі күні бұлыңғыр Келден «аһ!» ұрып тар қапаста жатқан кезде, қалмақ ханының қызы Құралайдың келуі оған үлкен күш-қуат береді. «Сен менің шешемнің елінен екенсің. Ханға айтқан сөзіңе қарап, шешемнің армандаған елінің қандай ел екенін білдім. Мен шешемнің өсиетін орындаймын. Сені қалайда осыннан алып шығам» деп, бар өмірін бәйгіге тігіп, бір түнде тұтқыннан қашып шығады. Қос жүйріктің шабысы екі жастың еліне деген алып ұшқан сағынышын арқалап келеді. Арттарынан қуған қуғыншыдан құтыла қоймасын білген Келден кері шауып, ішіндегі ыза-кегің, жауының қанын суша ағызып басады. Ұзап кеткен



Құралайдың өзін көрмейінше тағат таппай шаба жөнелді. Сол сәтте ойына түрлі жамандықтар келген Құралай артқа қайтып, қалмаққа барғанша өлуге бекініп, қанжарын қолына алғанда, «мен өліп қалсам, Келден тірі келсе, ол мені кешіре алмас» деген ой әуелгі ойынан бас тартқызады. Қос ғашықтың сезімдері бір-бірін аман есен қауыштырды. Шаршаған, қалжыраған қос ғашық дем алуды ойлап, бір сәт кідіргенде, Құралайды жолбарыс талап, мәңгілікке Келденнен айырады. Құралайдың соңғы тілегі ғашығының өсіп-өнгенін қалайды. Тілегі қабыл болып, Келденнің 18 ұлы 18 ауыл болып өсіп-өнеді.

Бұл поэма қазақ халқының ар-намыс, қасиетті сезімдерді қаншалықты биік орынға қойғанын ашып жеткізе білген. Ұлынан ұят, қызынан қылық кетпеген елдің өмірі мәңгілік болатынын сезіндіреді.

Қалима ТОЛЫМБЕК,
1-курс магистранты

WWW.KITAP.KZ САЙТЫ ШЫҒЫСТАНУДА ҚОНАҚТА

Жуырда шығыстану факультетінде арабтану және ирантану кафедрасының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» инновациялық-әлеуметтік жобасы аясында www.kitap.kz сайтының бас редакторы Мақпал Жұмабайқызымен кездесу өтті. Бас редактордың тікелей басшылығымен ашылған оқушыларға арналған жаңа сайтпен танысу факультет оқытушы-профессорлар құрамының үлкен қызығушылығын туғызды. Сайттың бас редакторы жас ақын Мақпал Жұмабайқызы кеш барысында сайттың оқырман қауым үшін қандай кітап болсын оның қолжетімділігі турасында қызықты да маңызды ақпараттарымен бөлісті. Кеш барысында оқытушылар мен студенттер қазақ тіліндегі кітапқұмарларға арналған жаңа сайтқа байланысты өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, іздеген кітаптарына қол жеткізудің оңай жолы табылғанына қуанышты сезімдерін білдірді.



Бас редактордың айтуы бойынша, олардың бұл қорында отандық және шетелдік 700-ден аса автор және 4000-нан аса кітап, 100-ден аса балаларға арналған ертегілер, мультфильмдер, ақын-жазушыларымыздың еңбектері, жазылған дауыстары, дәстүрлі және эстрада әншілерінің әндері, сондай-ақ, ескі фильмдер де бар екен. Әсіресе, интернет желісі ұстаған жердің бәрінде осы ресурстармен еркін танысып, тегін пайдалануға болатын мүмкіндіктердің

оқырманға тиімділігі зор болмағы сөзсіз.

Жалпы, кездесу барысында факультет ұстаздары мен студенттері қызықты мәліметтердің куәгері болып, өздері үшін жақсы дүниелер ашты. Сонымен қатар, осы мақаланы оқыған университеттің әрбір оқырманы осы сайт қызметі жайлы хабардар болып, рухани азық алса екен деген ниетіміз бар.

Ендік ҚАСАБЕКОВА,
арабтану және ирантану кафедрасының аға оқытушысы

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

31 қазанда Студенттер сарайында «1-курс таланттары-2014»
байқауының гала-концерті өтеді

Құрметті оқырман!

Бүгінгі «Жез қоңырау» айдары кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша жүргізіліп отыр. Алматы облысы, Райымбек ауданының орталығы Кеген ауылында журналистика факультеті деканы Сағатбек Медеубекұлы бастаған оқытушы-профессорлар, студенттер, магистранттар тобы болашақ маман иелерімен жылы жүздесу өткізді. Мұқағалидай ақын, Бердібек Соқпақбаевтай балалар жазушысы дүниеге келген Тәңіртаудың етегінде дүние есігін ашқан перзенттің өнерден алшақ болуға да қақысы жоқ болар?! Мектеп табалдырығынан қалам тербеп, өлең мен қара сөзге шын ден қойған өрендердің қарасы көп. Төменде сол жас жеткіншектердің өлең-жырларын сіздердің назарларыңызға арнайы ұсынып отырмыз.

ҚАЗАҒЫМ

Қазақтың қандай ғажап байтақ жері,
Ақкөңіл аңқылдаған қалың елі.
Өзге елдің боданында болса-дағы,
Ешкімге де бермеген туған жерді.

Қазақ елі қашаннан ұлы болған,
Жер койнауы мұнай мен кенге толған.
Сол байлықты қорғаған бабалардың,
Еңбектері бақ болды басқа қонған.

Байтақ ел, ол келген жок, жай еңбекпен,
Елім үшін ерлерім қанын төккен.
Қадірлейік, бағалап ер еңбегін,
Тарих болып, жыр болып бізге жеткен.

Шырын ӘБІТІ,

*Б. Соқпақбаев атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
Нарынқол ауылы*

МЕН ҚАЗАҚПЫН!

Ұрпағымын, батыр елдің — қазақтың,
Мен қазақпын, ержүректің, ғажаппын.
Қыраныммен қалықтауда көк туым
Сондықтан да тәуелсізбіз, азатпыз.

Мықтымын, мен, ата-бабам нар тұлға,
Мақтанамын ел алдында айтуға.
Өзгелерге, тиіспін мен қазақтың
Жусаны боп, жуасы боп аңқуға.

Қазақпын мен! Қаймықпаймын, қайсармын,
Қазақ айтшы, кімнен, қашан тайсалды.
Батыр бабам елін, жерін аңсаған,
Болған екен қай кезде де байсалды.

Қазақпын мен! Бойымда бар дарыным,
Сөндіресім ешкім жанның жалынын.
Бар қазақты дәлелдейтін әлемге,
Болса егер көрер алда жарығым.

Сабырлылық, салмақтылық тән маған,
Өтіріктен, арамдықтан сақтанам.
Ең бастысы, осы өмірге қазақ боп
Келгеніме, туғаным мақтанам.

Гүлдана ӘУКЕН,

*К. Байшығанұлы атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
Қызылшекәра ауылы*

КӨРКЕМ ҚАЛА

Көкте күнмен, асқар таумен таласқан
Зәулім үйлер бір-бірімен жанасқан.
Астананың осы күнде бірінші
Шартарапқа Бәйтерекпен бағы асқан.

Бетін тосып таңғажайып самалға,
Астанадай әсем қала болар ма?
Қыран құсым қалықтатып көгінде
Көрік беріп тұрған жоқ па Ақорда.

Қазағымның жылқы бағып айдаған,
Кереметтей қаласы бар жайнаған.
Жасампаздық орын алған айтшы өзің,
Ханшатырдай көркем сарай қайда бар?!

Жайнататын күн көзінің арайы,
Көгерегін гүлдерімен самайы.
Көре жүрсен жастар үшін салынған,
Көзге түсер Оқушылар сарайы.

Тәубе етеміз Астананың бар күйін
Жарқыраған аспанында ай-күнін.
Орын тепкен Астанадай қаладан
Айтпай кету мүмкін емес Алла үйін.

Даңқты асырып, мерейін бір өсірген
Көрдіңіз бе Астананың төсінен.
Көзіңіздің жауын алар керемет,
Бар ма екен асқан өзен Есілден?!

Гүлжанат БЕКБОЛАТҚЫЗЫ,

*К. Байшығанұлы атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
Қызылшекәра ауылы*

КЕГЕНІМ МЕНІҢ — ӨЛЕҢІМ!

Мен деген ерке өренім,
Не көрсем бірге көремін.
Кеудемді жарып тулаған,
Кегенім — аппақ өлеңім.

Тереңде тарих дерегің,
Бір белгі қойсам дер едім.
Анамның адал сүтіндей,
Кегенім менің — Кегенім!

Жырымды гүл ғып егемін,
Сырымды жыр ғып төгемін.
Өзіңнен артық жер бар ма?
Оттан да ыстық — Кегенім!

Хантәңір тектес өр елім,
Жанымды саған беремін.
Өлең ғып мені жаратқан,
Айналым сенен — Кегенім!

Әлия ІНКӘРБЕК,

*Ө. Жаңабаев атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
Кеген ауылы*



ҰЛЫ ТҰЛҒА

Бердібек Соқпақбаев — ұлы тұлға,
Мұндай жанды бола ма ұмытуға?!
Жұлдыздайын жарқ еткен бар өмірін,
Арнаған бала жанын жылытуға.

Орын тапқан шығармасы тас төбеден,
Еңбектерін айтқанда кеш бөгелем.
Әдебиет көгіне қанат қағып,
Бастаған өмір жолын Қостөбеден.

Шындықпенен жазылған повестері,
Сол кездер дәл алдымда естіледі.
Қазақтың асқар таудай Бердібегі,
Әдебиет жанашыры емес пе еді?!

Бердібектей жазушы мен көрмедім,
Соған қарап бой түзедім, көкке өрледім.
Көргенменен неше түрлі жазушы,
Оқымадым ешбірінің еңбегін.

Қалдырыпсың мұранды ұрпағына,
Мен бұлайша мұранды құртамын ба?
Тоз-тоз болған мұранды жиып алып,
Қоямын биік тұрған ел тағына.

Жасталап ОРАЗХАН,

*Б. Соқпақбаев атындағы орта мектептің
9-сынып оқушысы,
Нарынқол ауылы*

БЕРДІБЕК АТА!

Нарынқолдың байтақ жерінде,
Райымбек ата төрінде.
Көркем сөздің шебері,
Бердібек ата бүгінде,
Токсан жастың өрінде!

Үлгі етіп атамды,
Құрамын арман-мақсатты.
Болашаққа тік қарап,
Нық басамын қадамды!

Бердібек ата айтқандай,
Шындыққа мен жақ болам.
Жақсылықты ту етіп,
Жамандыққа қас болам!

Әдебиеттің әр бетін,
Ақтарамын, талмаймын.
Бердібек атаны көргенде,
Тамсанбай мен қалмаймын!

Мақтан етем атамды,
Үлгі етіп бұл күнде.
Шын жүректен бас ием,
Ұмытылмас жүректе!

Гүлдана ДҮЙСЕН,

*Ы. Кошкинов атындағы орта мектептің
11-сынып оқушысы,
Ұзынбұлақ ауылы*

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ

Ғасырынан асып туған бір тұлға,
Он бір жастан ғашық болды ол жырға.
Өнерменен өрілді де өмірі,
Жасындай боп жаркылдады өр тұлға.

Жыр көгінде жарқырады жұлдызы,
Жетісудың басын иді шын-құзы.
«Күй» мен «Күйші», «Құлагер» мен «Даласын»
Жаттап өсті өнерлі елдің ұл-қызы.

Сан ғасырдан сыр жеткізді «Даласы»
Жүректердің қан боп аққан жарасы,
Мұның мұндап, жоғын жоқтап қазақтың,
Көкірегі қарс айырылған баласы.

Асқақ ойлы, өткір тілді — Құлагері өлеңнің
Халқын үшін туған ақын ұл едің.
Алты алаштын аспанында жырларын,
Қалықтап жүр пірі болып өленнің.

СЫМБАТ ШЫМЫРБАЕВА,

*Б. Соқпақбаев атындағы орта мектептің
10-сынып оқушысы,
Нарынқол ауылы*

ТАЛАСЫМ

Таласым, суын қандай мөлдіреген,
Табиғат тамашасын сенен көрем.
Балалық махаббатты саған деген,
Мен-дағы сөз өрнектеп, жырмен өрем.

Аспанқора — аспаныммен таласқан,
Кешпем менің — суың мөлдір тасжарған.
Қарашоқы — өзі сондай әдемі.
Көп балалар соны көру арман деп,
Барды екен сонау биік шындарға.

Таласым!
Сен не деген көркем едің,
Шабыт болып жүрекке жыр боп ендің.
Қарт бабамдай тауларым, өзен-көлім,
Бойымдағы тұмарым деп білемін.

Марфуға НҮРҒАЛЫҚ,

*Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің
10-сынып оқушысы,
Талас ауылы*



*Бетті арнайы «Қазақ университеті» газеті үшін
Райымбек ауданынан дайындаған Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*

ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ДИКТОРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жақында журналистика факультетінде тұңғыш қазақ дикторы, ұлттық дикторлық мектептің негізін қалаған Мина Сейітованың 95 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандық дикторлық мектептің қалыптасуы, дамуы және болашағы» атты республикалық дөңгелек үстел өтті. Аталған шараға Қазақстан Журналистер Одағы, Қазақстан Журналистер Академиясы, «Қазақстан» РТРК қолдау көрсетті. Дөңгелек үстел барысында Қазақстандағы дикторлық өнердің дамуы, «Қазақ радиосындағы» дәстүр жалғастығы мен болашағы, онлайн радиодағы дикторлық шеберлік, сандық технологиялар дәуіріндегі радио және т.б. мәселелер талқыланды.



Дөңгелек үстел барысында бірінші Сейітова оқуларының жеңімпаздары марапатталды. Үздік студенттік аудиожобалар байқауына ұсынылған жұмыстар жастардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, кәсіби біліктілігін арттырды. Олардың қатарында студенттік «Әл-Фараби» радиосының редактор-жүргізушілері мен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» аудиохрестоматиясын дыбыстауға атсалысқан

студенттер бар. Сондай-ақ, жыл сайын республикалық жоғары оқу орындарының радиожурналистика саласында маманданатын студенттері арасында Сейітова оқуларын өткізу дәстүрге айналмақшы. Шара кезінде «Хабар» арнасы түсірген Мина Сейітованың шығармашылығына арналған «Микрофон включен» атты деректі фильм көрсетіліп, диктордың даусы жазылған хабарлар топтамасы таныстырылды.

Дөңгелек үстел жұмысына ҚР Президентінің Алматы бюросы баспасөз қызметінің жетекшісі В. Жандаулетов, Қазақстан Журналистер Одағының төрағасы С. Матаев, Қазақстан Журналистер Академиясы президенті С. Қозыбаев, «Қазақ радиосы» Алматы студиясының бас редакторы Мұрат Мұқаш, елімізге танымал дикторлар Л. Аймашева, Л. Сеитов, А. Еңсебаев, С. Жақанова, оқытушы-ғалымдар, БАҚ өкілдері, студенттер мен

магистранттар қатысты. Қорыта айтқанда, қазақ журналистикасының даму тарихында өзіндік орны бар ірі тұлғалар өмірі жас журналистер үшін тағылымы мол дүние. Сондықтан, осындай ірі шаралар ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіруде үлгі-өнеге болары сөзсіз. **Әйгерім ӘЛІМЖАН,** журналистика факультетінің аға оқытушысы

Философия және саясаттану факультетінің ұйымдастыруымен I курс студенттер арасында «Жас өнерпаздар» сайысы өтті. Студенттік өмірлерін енді бастап келе жатқан жас өнерпаз қыздарымыз бен ұлдарымыз өз мамандықтарының мәртебесі мен өрісінен тыс саладағы шеберліктерін көрсетуден аянбады.

Студенттік кездің алғашқы белестері



Сайыс әр түрлі номинациялар бойынша жүргізілді. Ән, хор, би өнері, музыкалық аспаптарда ойнау жарысы, театралдық қойылым, мөнерлеп оқу, көңілді тапқырлар сайысы (КВН) сынды номинациялар бойынша өз өнерлерін көрсетті. Сайыстың қазылар алқасының құрамына студенттік клубтың жетекшісі Шынар Қанафьева, «Фараби сазы» ұлт аспаптар оркестрінің жетекшісі Болатқали Қажыбекұлы, дәстүрлі ән үйірмесінің жетекшісі Шаһаризат Сейдахмет және т.б. кірді. Іс-шараны дінтану және мәдениеттану кафедрасы, философия кафедрасы ұйымдастырды. Сайыс барысында барлық мамандық бойынша оқып жатқан жастар өз өнерлерін

көрсетті. Сайыста факультеттегі барлық бөлімдердің I курс студенттері куратор-эдвайзерлерінің бастауымен белсенді түрде қатысты. Сайыс соңында студенттер әр түрлі номинациялар бойынша марапат қағаздарымен мадақталды. Жоғарғы дәрежеде өткен бұл мәдени іс-шараның жастарға берері мол болды деп ойлаймыз. Осындай іс-шаралардың өтуі негізінде болашақ жас өнер майталмандары өздерінің алғашқы өнер жолдарын бастауда үлкен қызығушылық танытып, оқу процесімен қатар қосымша тәрбиелік мақсатта жүретін шараларға да жиі атсалысады деген үміттеміз.

Жалпы және этникалық психология кафедрасы

«СҮҢҚАР» СТУДЕНТТЕР КӘСПОДАҒЫНЫҢ АРНАЙЫ СТИПЕНДИЯСЫНА ҮМІТКЕР СТУДЕНТТЕРДЕН ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ:

1. Жеке төлқұжат
2. Студенттік билет
3. Транскрипт (факультет деканы қолы және мөрі болу қажет)
4. 3x4 фото – 1 дана
5. Анкета (құжат тапсыру кезінде толтырылады)
6. Мінездеме (деканның, декан орынбасарының немесе куратор-эдвайзердің қолы және факультет мөрімен болуы қажет)
7. Ұсыныс хат («Мен «Сұңқар» стипендиясына лайықтымын ба?» деген сұраққа жауап ретінде студенттің өзінің атынан жазылады)
8. Ғылыми жарияланымдар
9. Студенттік ұйымға мүше екендігін растайтын анықтама (КМО-ның растаушы мөрімен)
10. Жетістіктер (диплом, мақтау қағаздары, сертификаттар)
11. Әлеуметтік жағдайын растайтын құжат

СПИСОК ДОКУМЕНТОВ НА СТИПЕНДИЮ ОТ ИМЕНИ ПРОФСОЮЗА СТУДЕНТОВ «СҮҢҚАР»

1. Удостоверение личности
2. Студенческий билет
3. Транскрипт (с подписью декана и с печатью факультета)
4. 3x4 фото – 1 штук
5. Анкета (заполняется при сдаче документов)
6. Характеристика (с подписью декана, зам декана или куратора-эдвайзера и с печатью факультета)
7. Представление (от своего имени)
8. Научные публикации
9. Справка о подтверждении членство в студенческих организациях (с печатью КМО)
10. Достижения (грамоты, сертификаты)
11. Справка, подтверждающая о социальном положении студента

Все документы принимаются в специальной папке и в виде копии.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

1. Стипендия иегері атағына үміткерлер Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті болуы тиіс.
2. Жобаға қатысушы студенттер аталмыш жобаның барлық талаптарына сәйкес болуы керек.
3. Жобаның өткізілу уақыты аралығында қажет құжаттарды тапсыруы міндетті.
4. Стипендияға үміткер студенттің әлеуметтік-отбасылық жағдайы ескеріледі.
5. «Сұңқар» стипендиясы I семестріне үздік деп танылған 15 студентке беріледі.
6. «Сұңқар» стипендиясы жобасының арнайы комиссия мүшелері құрылады.
7. Комиссия мүшесі ретінде ҚазҰУ студенттік ұйымдарының I өкілі қатыса алады.

Бағалау критерийлері:

- 1) Үміткер студенттің оқу үлгерімі (GPA) 3,6-дан төмен бамауы міндетті.
- 2) Жобаға қатысушы студент университет өміріне белсенді араласуы қажет.
- 3) Ғылыми, спорттық, интеллектуалдық, мәдени жетістіктер жоғары бағалауға ие болады.
- 4) Студент ҚазҰУ ұйымдарының құрамында болса, атқаратын қызметі немесе ұйым мүшесі екендігін растайтын құжат қажет.

Қазылар алқасы мен негізгі ұйымдастырушылар ережені өзгерте алады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, II-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 1342

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.